Мультимедиялық сүйемелдеу: CorelDraw бағдарламасы бар компьютерлік кабинеттер.

Тақырып 2 Сызықтарды тұрғызу. Еркін форма құралының көмегімен сызықтар салу.

- 1. Саймандар тақтасындағы «Сызық» мәзірін ашыңыз
- 2. Еркін форма құралының көмегімен 🌋 мынандай фигура салыңыз.
- 3. Безье қисығын 🔭 қолданып, келесі фигураны салыңыз

- 4. Пероны 📉 қолданып мынандай фигура салыңыз
- 5. кұралын қолданып, мына суретті салыңыз
- 6. Енді бес суретті бес түрлі түспен бояңыз

Тапсырма:

Сабақты қорытындылау, бағалау Жасалынған жұмыс нәтижесі бойынша және теорияны ұштастыру мақсатында ауызша сұрақтар қою

1. Сызық салу панелінің саймандарын атаңыз (еркін форма, безье, перо, 3 нүктесі бойынша қисыз салу, көркемдік безендіру, сынық сызы, қосатын сызы, өлшенген сызық)

- 2. Безье құралының көмегімен қандай фигура салуға болады? (түзу, қисық сызықтар)
- 3. Еркін форма құралының атқаратын қызметі
- 4. Перо мен безье қисығының айырмашылығы
- 5. Көркемдік безендіру құралы қай кезде жұмыс жасайды?
- 6. 3 нүктесі бойынша қисық салу қандай кезде қолайлы?

Тәжірибелік жұмыс

Қарапайым геометриялық фигураларды қолдана отырып, түрлі түсті қағаздың сыртың жасау керек.



Бақылау сұрақтары:

1. Сызық салу панелінің саймандарын атаңыз (еркін форма, безье, перо, 3 нүктесі бойынша қисыз салу, көркемдік безендіру, сынық сызы, қосатын сызы, өлшенген сызық)

- 2. Безье құралының көмегімен қандай фигура салуға болады? (түзу, қисық сызықтар)
- 3. Еркін форма құралының атқаратын қызметі
- 4. Перо мен безье қисығының айырмашылығы
- 5. Көркемдік безендіру құралы қай кезде жұмыс жасайды?
- 6. 3 нүктесі бойынша қисық салу қандай кезде қолайлы?

Тақырыбы: Қабатпен жұмыс

- 1. Қабат құру
- 2. Қабатты активтеу
- 3. «Диспетчер объектов» баптау терезесінде қабат, беттер мен объектілердің бейнеленуі
- 4. Қабатты өшіру

Corel DRAW программасында құрылған суреттер бір-бірінің үстіне орналастырған объектілерден тұрад. Суреттердің орналасу реті суреттің түріне әсер етеді. Осы объектілердің орналастырудың эффективті әдісі қабат деп аталатын көрінбейтін жазықтық қолдану болып табылады.

Суреттерді құру әртүрлі қабаттардың кез келген деңгейде орналастыру болып табылады. Қабаттар алдынғы план мен фонннын орнын ауыстыра алады.

Унсіз келісім бойынша суреттің мазмұны қандай да бір қабатта орналасады. Шаблон-қабаттар негізгі бет деп аталатын виртуалды бетте сақталады.



Объекілер диспетчері баптау терезесінде үнсіз келісім боынша берілген қабаттардың құрылымы бейнеленеді.

Қабат құру үшін **Инструменты ► Диспетчер объектов** таңдаңыз. Төменгі кестеле көрсетілген тапсырмаларды орында.

Мақсаты	<u>Әрекеті</u>
Қабат құру	Диспетчер объектов баптау терезесінің жоғарғы оң жақ бұрышында
Шаблон-қабат құру	

Сонымен қатар, Создать слой 🕅 батырмасы арқылы қабат құруға болады.

2. Қабатты активтеу

Инструменты У Диспетчер объектов командасын таңдаңыз.

Диспетчер объектов баптау терезесінде қабат атын шертіңіз.

Қабат атау қызыл шрифтпен көрінеді, бұл дегеніміз қабат активтендірілді.

Үнсіз келісім бойынша қабат Слой 1 активті болады.

Активтенген қабаттың аты таңдалынған объектімен бірге қосымша терезесінің төменгі жағындағы қалып күй жолында көрінеді.

3. «Диспетчер объектов» баптау терезесінде қабат, беттер мен объектілердің бейнеленуі

Инструменты У Диспетчер объектов командасын таңдаңыз.

Төменгі кестеде көрсетілген тапсырмаларды орында.

Мақсаты	<u>Әрекеті</u>	
Беттердің көрінісі	🕑 ашылмалы батырмадан	Показать
	страницы таңдаңыз.	
Беттің барлық	Беттің атын шертіп, содан кейін Вид	диспетчера
қабаттарының көрінісі	слоев 🖭 батырмасын басыңыз.	
	Вид диспетчера слоев өшіру үшін,	қайтадан сол
	батырманы басыңыз.	
Объектілердің көрінісі	🕑 ашылмалы батырмадан Разве	ернуть для
	отображения выбранного	

Активтенген қабаттың аты таңдалынған объектімен бірге қосымша терезесінің төменгі жағындағы қалып күй жолында көрінеді.

4. Қабатты өшіру

Инструменты У Диспетчер объектов командасын таңдаңыз.

Қабат атын шертіңіз.

ашылмалы батырмадан Удалить слой таңдаңыз.

Қабатты өшірген кезде сол қабатта орналасқан барлық объектілерде өшеді. Объектілерді сақтап қалу үшін, қабатты басқа қабатқа көшіру керек.

Келесі қабаттардан басқаларының өшіру мүмкіндігі бар: Сетка, Рабочий стол и Направляющие. Диспетчер объектов баптау терезесіндегі қабат атын тышқанның оң жақ батырмасымен шертіп, Удалить таңдаңыз.

Тәжірибелік жұмыс

Тапсырма 1.

Төменде көрсетілгендей сурет салыңыздар

Масштабтау және объектіні бұру операцияларын кезектеп орындаған кездегі шыққан сурет.



Жұмыс барысы:

1. ПРЕОБРАЗОВАНИЕ атты жаңа құжат құрып тәжірибелік жұмыстардың барлығын осы құжатта орындаңыз.

2. 8 шыңдары бар күрделі жұлдызшаны құрыңыз.

3. Қызыл түске бояңыз

4. Alt+8 ПОВЕРНУТЬ вкладкасында ПРЕОБРАЗОВАНИЕ баптау терезесін ашыңыз.

5. Суретте көрсетілгендей параметрлерін орнатыңыз:

- угол поворота(Angle) — 22,5°, флажок ОТНОСИТЕЛЬНО ЦЕНТРА (Relative Center)

- установлен, центр преобразования находится в середине объекта, количество копий (Copies) — 1. ПРИМЕНИТЬ батырмасын басыңыз.



6. ПРЕОБРАЗОВАНИЕ баптау терезесінде МАСШТАБ және ОТРАЖЕНИЕ вкладкасына өтіңіз.

7. Суретте көрсетілгендей параметрлерді орнатыңыз: масштаб по горизонтали и вертикали — 80%, флажок ПРОПОРЦИОНАЛЬНО установлен, центр преобразования — середина объекта, количество копий — 0. ҚАБЫЛДАУ батырмасын басыңыз.



8. ПОВЕРНУТЬ вкладкасына өтіп, ПРИМЕНИТЬ батырмасын басыңыз.

9. ПРЕОБРАЗОВАНИЕ баптау терезесінде МАСШТАБ және ОТРАЖЕНИЕ вкладкасына өтіңіз.

10. Қорытынды сурет шыққанша 8-9 қадамдарды қайталаңыз.

Тапсырма 2

Кубтың шетіне М әріпін жазыңыз.



Жұмыс барысы:

- 1. ПРЕОБРАЗОВАНИЯ құжатына екінші бет құрыңыз.
- 2. Жаңа бетке сары түсті 50х50 өлшемді квадрат салыңыз.

3. Объектіге ЭФФЕКТЫ – ВЫТЯГИВАНИЕ менюінен ВЫТЯГИВАНИЕ эффектісін қолданыңыз.

4. ВЫТЯНУТЬ баптау терезесіндегі бірінші КАМЕРА ВЫТЯГИВАНИЯ вкладкасына келесі параметрлерді орнатыңыз:

- вид проекции НАЗАД С УМЕНЬШЕНИЕМ;
- ГЛУБИНА 25;
- координаты точки схода 70 и 60 мм;
- отсчет ОТ ЦЕНТРА ОБЪЕКТА.



5. УПОРЯДОЧИТЬ – РАЗЪЕДИНИТЬ ГРУППА ВЫТЯГИВАНИЯ; Ctrl+K, содан кейін УПОРЯДОЧИТЬ – ОТМЕНИТЬ ГРУППИРОВКУ; Ctrl+U командалары арқылы кубты жақтарға (на грани) шеткі (боковые) жақтарын жасыл және көк түске бояңыз.

ц×	Преобразования От <u>м</u> енить преобразования	•	jī,	Преобразования От <u>м</u> енить преобразования	,
	Выровнять и распределить Порядок	> >		Выровнять и распределить Порядок	۰ ۱
96	⊆группировать	Ctrl+G	<u>191</u>	⊆группировать	Ctrl+G
132	Отменить группировку	Ctrl+U	54	Отменить группировку	Ctrl+U
<u>]</u>]]	Отменить группировку полностью		P [*]	Отменить группировку полносты	ю
ø	Объединить	Ctrl+L	ø	Объединить	Ctrl+L
몃	Разъединить Группа вытягивания	Ctrl+K	P	Разъединить	Ctrl+K
	Блокировать объект		a	Блокировать объект	
	Раз <u>б</u> локировать объект	•	6	Раз <u>б</u> локировать объект	
6	Разблокировать все объекты	•0	66 B	Разблокировать все объекты	
	Формирование	,		Формирование	,
$^{\circ}$	Преобразовать в кривую	Ctrl+Q	0	Преобразовать в кривую	Ctrl+Q
	Пр <u>е</u> образовать абрис в объект Сtr	I+Сдвиг+Q	回	Пр <u>е</u> образовать абрис в объект	Ctrl+Сдвиг+Q
	Соединить кривые			Соединить кривые	

6. ТЕКСТ құралы арқылы М әріпін жазыңыз. Comic Sans MS (жирный) и кегль 143 пт.

- 7. М әріпін кубтын бұрышына қойыңыз.
- 8. Объектіні орнынан қозғалтпай әріптің тағы бір көшірмесін жасаныз
- 9. УПОРЯДОЧИТЬ ПОРЯДОК НАЗ АДНИЙ ПЛАН СТРАНИЦЫ
- (Ctrl+End) командасы арқылы бір әріпті артқы жаққа орналастырыңыз.



- 10. М әріпіне ПЕРСПЕКТИВА эффектісін қолданыныз. Ол үшін:
- Әріпті ВЫБОР құралымен белгілеңіз
- ЭФФЕКТЫ менюінен ДОБАВИТЬ ПЕРСПЕКТИВУ таңдаңыз

- Шеткі жақтың қабырғасын бағыттаушы ретінде пайдаланып, әріпке перспективные искажение қолдаңыныз.



11. Алынған әріпті контейнерге орналастырыңыз, ол үшін ПАРАМЕТРЫ сұхбат терезесіндегі РАБОЧЕЕ ПРОСТРАНСТВО категориясының Изменить деңдейінде ЦЕНТРИРОВАТЬ СОДЕРЖИМОЕ НОВОГО PowerClip флажогы орнатылмағанына көз жеткізіңіз.

Параметры		
 Рабочее пространство Общие 	Изменить	
Монитор Изменить	Дискретность угла:	150 🔶 градусы
 Привязка к объекта» Динанические напра 	⊥очность отрисовки:	3 🗘 знаков после запятой
Предупреждения VBA	Минимальный размер фаски:	1,0 ни 🗘
- Сохранить	Размер узла:	Меньше 🛩
— PowerTRACE — Подключаемые моду	Сохранять размер фаски с	документон
	✓ Центрировать содержимое	Hosoro PowerClip
Набор инструментов Настройка	🗌 Щедкнуть дважды для ред	актирования растрового изображения в PHOTO-PAINT
⊞-Документ	🗹 🛛 оказать направление кри	зой во время редактирования
⊞-Общие		
< >>		
		ОК Отиена Справка

- Әріпті белгілеңіз
- Меню ЭФФЕКТЫ PowerClip ПОМЕСТИТЬ В КОН-
- ТЕЙНЕР таңдаңыз
- Қою стрелкамен кубтың жасыл шеткі қабырғасын көрсетіңіз.
- ЭФФЕКТЫ менюінен PowerClip РЕДАКТИРОВАТЬ СОДЕРЖИМОЕ

командасын таңдап, пішімделетін әріпті керегінше орнатыңыз.



12. Осы әдіспен екінші М әріпін кубтің алдыңғы жақғына орнатыңыз.

13. М әріпін Н әріпіне ауыстыру үшін, меню ЭФФЕКТЫ – PowerClip – РЕДАКТИРОВАТЬ СОДЕРЖИМОЕ командасы арқылы ауыстыруға болады, әріпті шерткен кезде пайда болған ТЕКСТ құралын және РЕДАКТИРОВАТЬ ТЕКСТ терезесін қолдана отырып, әріпті қай жазуға болады.



Бақылау сұрақтары

- 1. Бақылау сұрақтары:
- 2. Қабатты құру жолы қандай?
- 3. Қабатты қалай активтейміз?
- 4. Диспетчер объектов терезесінде қандай объектілер бейнеленеді?
- 5. Қабатты өшіру жолдары қандай?
- 6. Преобразование терезесінің командалары қандай?
- 7. Перспектива эффектісі нені береді?
- 8. Проебразование баптау терезесінде қандай параметрлерді көрсетеміз?

Әдістемелік нұсқау Тақырыбы: Мәтінмен жұмыс

Жоспар:

Corel Draw құралында ерекше орын алатын құрал Text Tool. Бұл құрал басқа құралдар сиақты графиктік объектілермен жұмыс істейді. Бірақ текст графиктік емес, сондықтан спецификалық жағынан басым. Мысалы: шрифттерді сызу т.с.с. бір уақытта кректі тексттік объектті графиктікке ауыстыруға болады. Arrange – Convert to Curse (Упорядочить – Преобразовать в кривые), ал керісінше мүмкін емес.

Тексттік объектілердің типтері. Corel Draw жүйесінде объект екі типті:

1) Тексттік объект Artistic Text (Фигурный текст) текстік жолдың бос орнына қою.

2) Paragraph (простой текст) текстік болатын символдарды арасына орналастыру.

Теру және форматтау. Техt менюінде меню жолының палитра құрамында тексттік наборлау, форматтау және редатрлеу құрылысын ашады. Осылардың құрамында текстік редакторлардың стандарттық құралы мен программаны ашып отыру құралы бар. Арнаулы программада текстің қайта жасалуына, олар, арнаулы құралдарын қажет етпейді. Fit Text to Path (Текст вдоль, кривой) құралы тексті сызықтың қатарына орналастырады. Ол үшін Artistic Text объект типін және кез келген графиктік объектіні құрал ретінде салыстыруға болады. Тексттік құралды қисық қатарына жақындатып, одан шыққан ирек сызық пайда болады. Содан кейін басқышты басып, текстті енгізуге болады. Техt Orientation (Ориентация текста) тізімді ашушы, Vertical Plasement (Вертикальное расположение), Distance from Path (Расстояние от кривой) және Horizontal offset (горизонтальное смещение), тағы бір Place on other Side (Размещение другой стороны), текстік редактілеуге Text Tool (Текст) мазмұнды құру мүмкіндігі.

Арнайы текстпен жұмыс істеу құралы Fit Text to Frame (Вписать текст в рамку). Жабық контурдың ішінлегі тексттік блокты еңгізеді. Контур шекаралары алаң шекаралары сияқты қарастырылады. Жабық контурдың арасына тексті енгізу үшін Text Tool құралы таңдап алынады. Текстік курсорды контурдың шекарасына тігінен орналасқан сызықтың қасында AB символы түрінде пайда болады. Басқышты басқаннан кейін тексті еңгізуге болады.



2-сурет

Мәтінді бояуға кірісеміз ақшыл түстермен бояуды керек етпейді. Өйткені мұзды ақ, көкшіл түстермен бояймыз. Тақта құралындағы Fill (Құю)-дан Texture Fill Dialog (Текстурды құю терезесі) батырмасын таңдай отырып диалогты терезеге ие боламыз. Теxture Library (Текстура кітапханасы) таңдап Samples 6 таңдап оған Oatmeal (OBec) орнатамыз.

exture library:	Style Name: Rock-Cloudy	-Eroded. 2C	
5amples 6 🗸 🖓 📼	Texture #:	4762	8
exture list:	Softness %:	65	A
slands in the stream 🗾	Density %:	60 🔶	A
1itosis 1oonray	Grain %:	0	A
Jail pops Datmeal	Rainbow grain %:	0 🛟	A
Orbit 💉 🗸	Brightness ±%:	0	A
	1st mineral:		A
	2nd mineral:		A
	Light intensity %:	40	A
the all the	Eastern light ±%:	-68 🜲	e
Carlos States	Northern light \pm %:	19 🐥	8
Preview	Light:	V	A

3-сурет

Нәтиже 4- суретте көрсетілген.



Енді бізге жазудың тереңдігін және жылтырауын қадағалау керек. Ол үшін бізге Interactive Drop Shadow құралын қолдану қажет.



5-сурет

Interactive Distortion (Интерактивті деформация) құралын қолданып жазуымыздың мұздануын орнатамыз.



6-сурет

Енді жұлдызымызды жылтыратуға кірісеміз. Complex Star (Қиын жұлдыз) құралын таңдап, жұлдыз саламыз.



7-сурет

Енді жұлдыздың сыртқы белгісін No Outline құралын қолданып жоямыз. Жұлдызды ақшыл көк түспен бояп, Interactive Ttansparency (Интерактивті мөлдір) құралын қолданамыз.Оған қоса Interactive Drop Shadow (интерактивті көлеңке)құралын қолданамыз. Жұлдызды көлеміне байланысты өз қалауыңызша өзгертесіз 8- суретте көрсетілген.



8-сурет Нәтижесінде мынандай көрініс аламыз.





4. Тапсырма



Тапсырма 3.

ОБОЛОЧКА эффектісін қолдана отырып, келесі графикалық объектілерді құрыңыз.



Рис. 7.12. Пример использования разных режимов сопоставления эффекта ОБОЛОЧКА:

1 — по горизонтали, 2 — по касательной (исходное), 3 — по углам, 4 — по вертикали

1. Оболочка атты жаңа құжат құрыңыз

2. 3х3 өлшемді диаграммная решетка құрыңыз(РАЗЛИНОВАННАЯ БУМАГА құралы арқылы, решетка өлшемін қасиеттер панелінен бересіз)

3. Фигураның тағы 3 көшірмесін жасаңыз

4. Әрбір фигураны кезектеп таңдау арқылы, әрбір фигураға ОБОЛОЧКА эффектісінің режимдерін қолданыныз. Ол үшін:

- ОБОЛОЧЌА баптау терезесінде (Меню ЭФФЕКТЫ-ОБОЛОЧКА) ДОБАВИТЬ ЗАГОТОВКУ батырмасын басып, тізімнен пятиконечной звезды заготовкасын алыңыз.

- РЕЖИМЫ СОПОСТАВЛЕНИЯ өрісінде режим натягивания узлов по горизонтали (1), по касательной (2), по углам (3), по вертикали (4).

5. Жасалған фигураларды салыстырыңыздар.

Тапсырма 4.

ОБОЛОЧКА эффектісін қолдана отырып, келесі графикалық объектіні құрыңыз



- 1. 10х10 өлшемді диаграммная решетка құрыңыз.
- 2. Решеткаға меню УПОРЯДОЧИТЬ РАЗГРУППИРОВАТЬ (Ctrl+U) командасын орындаңыз
- 3. Решетканың әрбір квадратын түске бояңыздар.
- 4. Боялған квадраттарды топтаңыз: (меню УПОРЯДОЧИТЬ СГРУППИРОВАТЬ; Ctrl+G).
- 5. Ерікті өлшемде (произвольный размер) шеңбер салыңыз
- 6. Диаграммная решетканы белгілеңіз
- 7. ОБОЛОЧКА(меню ЭФФЕКТЫ ОБОЛОЧКА) баптау терезесінде бұрыштарды созу режимінде бұрыш бойыншасын таңдаңыз (режим натягивания углов по углам)

8. Пипетка тәріздес кнопканы басып, пайда болған қою стрелканы алдында құрған шеңберге көрсетіңіз.

9. ОБОЛОЧКА баптау терезесіндегі ПРИМЕНИТЬ батырмасын басыңыз.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Фигуралық мәтінмен орындалатын операциялар.
- 2. Қарапайым мәтінмен орындалатын операциялар.
- 3. Мәтінді траектория бойымен орналастыру түрлері.
- 4. Мәтіннің түсін өзгерту жолдары қандай?

Тақырыбы: Мәтінмен жұмыс

Мақсаты: Студенттерді CorelDRAW ішкі ортасымен таныстыра отырып, бағдарламада мәтінді теруді, өлшемін, стилін өзгертуді, құжатта орналасуын, эффектілерді қолдану арқылы білімдерін қалыптастыру;

Жоспар:

- 1. Corel Draw- дағы мәтінің түрлері
- 2. Мәтінді түзету
- 3. Кестемен жұмыс
- 4. Стандарт бойынша геологиялық картаны рәсімдеу

Геологиялық қарта безендіруде мәтінмен және графикалық элементтермен жұмыс істеу.

Corel Draw мәтіндік түрлері.

Мәтінді құрастыру үшін Техt (Текст) құралы бар. Оны екі режимде пайдалануға болады: мәтіндік және абзацты мәтін. Бірінші жағдайда мәтін өзімен бірнеше жолдардан құралған және оны редактірлеу шектелген. Мәтіндік жолақты шектеген кезде ол қарапайым векторлық нысана болып келеді.

Абзацты мәтіндік нысаналардың шекараларын келесі командалар арқылы көрсетуге және тығуға болады Text > Paragraph Text Frame > Show Text Frames (Текст > Абзацты текст фреймде> тексттік рамкаларды көрсету). Нысаналар шектелмеген болса да шекарасы көрініп отырады.

Негізгі меню командасы мәтіндік жолақты абзацты түрге түрлендіреді. Text > Convert (Текст > Преобразовать)

1. Мәтінді түзету

Бағдарламада құрал Text (Teкст) шектелмеген болса да мәтінді түзету қарапайым болып келеді. Ал мәтіннің үстінен тінтуірмен екі рет шертетін болса автоматты түрде түзету режиміне ауыстырады.

Егер мәтін белгілі бір бұрышта жатқызылған болса онда арнайы тереземен ашу Edit Text (Правка текста)ыңғайлы болып келеді.

2. Кестемен жұмыс

Жаңа кесте енгізу үшін келесі команданы орындау қажет **Table** → **Create New Table** (Кесте →Жаңа кесте құрастыру).Осыдан кейін жаңа терезе ашылады **Create New Table** (Жаңа кесте құру) (Сурет 3.1). **Number of Rows** (жолдар саны) кестедегі жолдар саны таңдалады. **Number of Columns** (бағандар саны) кестедегі бағандар саны) кестедегі бағандар саны анықталады. **Height** (Биіктік) және **Width** (ені) кестедегі бағандардың биіктігі мен енің анықтайды. Кесте өлшемдерін **Shape**(Форма) құралы арқылы өзертуге болады. Кесте құруға жұмыс аймағының кез келген орнында болады және **Pick** (Указатель)құраы арқылы кез келген орынға ауыстыруға болады.

Жаңадан кесте құру

Number of Rows:	3	×
Number of Columns:	4	×
Height:	100,0 mm	A V
Width:	75,0 mm	

Сурет 1

4.Стандарттарға сай геологиялық картаны безендіру.

Ауданның геолгиялық картасы 35*36 сантиметр өлшемде болуы керек. Карта масштабы геологиялық қималардың горизонтальды масштабымен сай болуы керек.

Көбінесе карталар A1/860*612 форматтағы ватманда жасалады. Рамкасы біркелкі сызықпен орындалады оның сол жағында форматтан 20 мм қашықтықта ал басқа бөліктерінде 5мм форматтан қашықтықта жүргізілуі керек.

Геологияық картаның стандарты


Сурет 2

Беттің төменгі оң жақ бөлігінде стандарт бойынша штамп беріледі. Онда графикалық бөлігін штамп көрінетіндей етіп орналастырады.

Сызықтық шрифт барлық карталардағы негізгі мәтіндерді жазуға қолданады. Осы шрифттің негізгі ерекшелігі 75⁰ бұрышта жазылады. Картографиялық шрифт соның ішінде Т-132 дипломдық курстық жобаларда графикаларды безендіруде қолданады. Осы шрифтпен геологиялық карталарды, құрылымдық карталарды және диаграммаларды енгізеді.

Жұмыстың орындалуы:

Геологиялық картаны ашып, стандартқа сай келтіру. Геологиялық карталардың шрифті *«Arial немесе Т-132»* тандау. ГЕОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА-8мм; ЖҰМЫС АУДАНЫ – 5мм; Масштаб 1:200000 - 4/3 мм жазылуытиіс.



Сурет 3



Сурет 4 Төменгі штамп стандарты Стратиграфиялық баған құруда кесте құралын қолданады.



Сурет 5

Тапсырма: Corel Draw бағдарламасында стандарт бойынша рәсімде.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Фигуралық мәтінмен орындалатын операциялар.
- 2. Қарапайым мәтінмен орындалатын операциялар.
- 3. Мәтінді траектория бойымен орналастыру түрлері.
- 4. Мәтіннің түсін өзгерту жолдары қандай?

Тақырыбы: Corel Draw бағдарламасына бейнені экспорттау және импорттау.

Мақсаты: Студенттерді CorelDRAW бағдарламасына импорттау және экспорттау жолдарын, сақтаудың форматтарын түсіндіру арқылы білімдерін қалыптастыру

- 1. Бейнені импорттау
- 2. Бейнені экспорттау

Файл – Импорт (Ctrl+I) командасын орындау арқылы импорттауды жүргізе аламыз(1 сурет). Ашылған ИМПОРТ сұхбат терезесінде(2 сурет) қажетті құжаттың орналасқан орнын ашып, файлды таңдап, Импорт батырмасын шертеміз.



Импорт батырмасы басылғаннан кейін, курсорымыз импортталатын файл туралы ақпаратпен бетке шығады(3 сурет), графикалық объектіні бетке орналастырамыз(4-сурет).



Бейнені экспорттау.

Corel Draw бағдарламасындай экспорттаудың 3 түрі бар: Экспорт, Экспортировать в Office, Экспорт для Web.



Экспорттау үшін, файл-экспортты таңдап, ашылған сұхбат терезеден файл типін таңдап, экспорт батырмасын шертеміз.



Экспортировать в Office

Экспорт для Web



Қазақстанның картасын қисық безье құралы арқылы векторизация жасап, сәйкес түске боя

- Ол үшін:
- 1. Бағдарламаға картаны импортта



2. Қисық безье құралы арқылы веторизация жаса



3. Пипетка атрибутов құралымен сәйкес түске боя



Бақылау сұрақтары:

- 1. Қандай файлдарды бағдарламаға импорттай аламыз?
- 2. Экспорттаудың неше түрі бар?
- 3. Экспорттау кезінде файлдарды қандай форматта сақтай аламыз?
- 4. ЈРС форматында экспорттау терезесінде қандай параметрлер орнатуға болады?

Тақырып. Маріпfo бағдарламасына картаны тіркеу

Мақсаты: Мапинфо бағдарламасында растрлы бейнені енгізу және картаны тіркеуді үйрену **Құрал-жабдықтар:** Дербес компьютер, әдістемелік нұсқау

Жоспар:

1. MapInfo бағдарламасының мүмкіндіктері

2. Мәліметтер базасына мәліметтер енгізу

3. Растрлы ақпаратты енгізу

4. «Операции», «Пенал», «Программы» құралдар панелі

MapInfo багдарламасының мүмкіндіктері

MapInfo Professional-бұл мемлекеттер картасын, аймақтарды, аудандарды, қалаларды және барлық карта немесе жоспар ретінде қарастыруға келетіндерді талдап және құруға көмектесетін географиялық жүйе. Құрылған электронды карта әртүрлі әдітермен, сонымен бірге MapInfo сұраныстарды жүзеге асыру негізінде және әртүрлі тақырыптық карталарды құру үшін күрделі географиялық талдау есептерін шығаруға ерік береді, қашық базадағы көрсеткіштермен байланысты жүзеге асырылады, географиялық нысандарды басқа бағдарламалық өнімдерді және тағы да басқа экспортқа шығарады.

MapInfo-ның негізгі мүмкіндіктері:

✓ Векторлы көрсеткіштермен және олармен байланысты тақырыптық ақпараттармен жұмыс істеу;

✓ Картографиялық ақпараттарды, сонымен бірге суреттерді редактрлеуге мүмкіндік алу, оларпды растрлық жалған ретінде қолдану;

✓ Көрсеткіштерді кез-келген санда және әртүрлі үш түрде терезе ретінде көрсету: карта, тізім, графика.

Көрсеткіштердің синхронды көрсеткіштері мағлұматтары бір мезгілде бірдей көрсеткіштері бар бірнеше терезені ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бір терезеде өзгертілген көрсеткіштер автоматты түрде басқа терезелердегі көрсеткіштерді өзгерте алады.

Кұрылған тақырыптық карталардың көмегімен ақпарттарды әртүрлі әдістермен шолу;

▶ Карталардың жобасын өзгерту;

> Әртүрлі қиындықтағы сұраныстарды құру: жеке файлдардф қарапайым сұрыптаудан бірнеше файлдар бойынша SQL күрделі сұраныстарға дейін;

DBASE немесе әртүрлі графикалық файлдар пішімінде құрылған файлдарға тура кіру.

2. Мәліметтер базасына мәліметтер енгізу

MapInfo бағдарлама өнімін әр түрлі тақырыптық карталардың түрлерін құру үшін қолдануға болады, ол жерде көрсеткіштердің базасында сақталатын материалдарды өңдеу мен талдау нәтижелері тіркеледі.

MapInfo база көрсеткіші-хабарланбаған және иерархиялық емес, ол кеңістік деп аталады MapInfo келесі файлдар пішімімен жұмыс істеуге рұқсат етеді:

• Файл аты GIF (Graphics Interchange

Format)

JPG (JPEG Format)TIF (Tagged Image File Format)

- PCX (Soft Paint Brush)
- BMP (Windows Bitmap)
- TGA (Targa)
- BIL (Sport спутникті фототүсірімдер).

MapInfo бағдарламасында картаны байлау және енгізу

1. MapInfo бағдарламасының мүмкіндіктері;

- 2. Мәліметтер базасына мәліметтер енгізу;
- *игізу* 3. Растрлы ақпартты енгізу;
- 4. Картаны байлау;

5. Тапсырма. Для карты avica.pag картасына екі кестеден тұратын МБ құру.

3. MapInfo-да жұмыстың орындалу әдістемесі

MapInfo-дағы жұмысты бастау

Бағдарламаны ашқанда, диалогтық бастапқы сеансы шығады, онда жұмыстың бастауы туралы жазылады.

• *Өткен сеансты қайта құру*-оны барлық кесте мен терезені ашу үшін пайдаланады, олар ең соңғы ашылған терезелер болады.

• Алдыңғы жұмысты терім-ең соңғы ашылған жұмысшы терім қолданылады.

• Жұмысшы терім-жұмысшы терімді ашу үшін (аналогты пункт басты менюдегі Файл жұмысшы терім ашу) аспаптарының мәзірі мен панелі. Растрлық ақпаратты енгізу.

Растрлық бейнені ашу үшін (карта немесе сурет) мәзірден Файл Открыть таблицу әмірін таңдаңыз, нәтижесінде диалогтық терезе пайда болады.

Файл түрінен-Растр таңдау қажет, файл атын көрсету (КАRTA) және Открыть падаланып, оны ашу. Содан соң экран бетінде бейнемен жұмыс істеу режимін таңдауға мүмкіндік беретін диалогтық терезесі пайда болады: Көрсету немесе Тіркелу.

Көрсету-бейнелер шартты жүйелі координаттар карталар терезесінде көрсетіледі.

Тіркелу-бейнелердің тіркелуін ұсынады, демек таңдалған координаттар жүйесінде аз дегенде үш нүктеден тұратын бейнелер координатасын ұсынады.

Картаны тіркеу

Анықталған географиялық проекцияларға картаны байлау. Қолданушы аз дегенде 3-тен кем емес нүктені білу қажет. растрлық бейнені қалташаа айналдыруға немесе созуға мүмкіндік жоқ, бірақ бұл тапсырманы шешетін өзіндік қолданушылармен жазылған қосымша қолданылады. тіркелу математикалық мәліметтерді өзгертудің негізі болып табылып, бір координаттық жүйеден (мысалы «писельді координат жүйесі») басқа координаттық жүйеге (мысалы, ені/ұзындығы) ұсынылады, осылайша кеңістікті анализді жүргізу үшін алынған нәтижеге басқа өзгертілген қабатты қоюға болады. Бейнелерді тіркеу үшін келесі амалдарды орындау қажет: бейнедегі тірек нүктелерін анықтау керек. Тірек нүктелер картадан және растрлық бейнеден тез табу үшін қою ерекшеленген болу керек. Тірек нүктелер орнына көшелердің, жолдардың қиылысуын алған жөн, содан MapInfo-да тірек нүктелер жайлы ақпараттарды енгізу қажет. Бұл нүктелердің координаттарын диалогтық терезеде картаның кейбір нүктелерін көрсету арқылы оны бейнемен сәйкестендіріліп алынады.

4. «Операции», «Пенал», «Программы» құралдар панелі



«Программы» құралдары

Тәжірибелік жұмыс.



Қазақстан Республикасын векторизациялау Мапинфо бағдарламасында Облыстар картасын құрамыз.

Файл-Новая таблица командасы арқылы жаңа кесте құрамыз. Жаңа ашылған терезенің ішінен ДОБАВИТЬ ПОЛЕ батырмасы арқылы кестеге өріс енгіземіз. Әрбір өрістің типін анықтаймыз және символды болса, неше символдан тұратынын белгілейміз. Кесте **ОБЛАСТЬ** деп аталсын

Кесте келесі өрістерден тұрады: №, Область, Центр области, Территория км, Население

N⁰	Область	Центр	Территория	Население
		области	КМ	
1	Ақмола облысы	Кокшетау	121400 км ²	835700
2	Ақтөбе облысы	Ақтөбе	300600 км ²	681800
3	Алматы облысы	Талдықорған	224000 км ²	1589200
4	Атырау облысы	Атырау	118600 км ²	439900
5	Шығыс Қазақстан облысы	Өскемен	283000 км ²	1530800
6	Жамбыл облысы	Тараз	144000 км ²	983900
7	Батыс Қазақстан облысы	Орал	151300 км ²	609100
8	<u>Қарағанды облысы</u>	<u>Қарағанды</u>	428000 км ²	1411700
9	<u> Қостанай облысы</u>	<u>Қостанай</u>	196000 км ²	1019600
10	<u>Қызылорда облысы</u>	<u>Қызылорда</u>	226000 км ²	596300
11	Маңғыстау облысы	Ақтау	165500 км ²	414200
12	Павлодар облысы	Павлодар	124800 км ²	743800
13	Солтүстік Қазақстан облысы	Петропавл	123200 км ²	725900
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	Шымкент	118600 км ²	1976700

Мапинфо бағдарламасында кесте қабат болып табылады, яғни бұл кесте ОБЛАСТЬ деп аталады. Қабатты басқаруға болады.

Тышқаннның оң жағы арқылы Управление слоями таңдаймыз.

2- тапсырма Осы облыстардағы көлдердің кестесін құр және оған векторизация жаса. Кестені Көл деп сақта



3 тапсырма Осы облыстардағы теміржолдарды белгілеп, кесте құр. Кестені Теміржол атымен сақта

Қабаттар қасиеті	Сипаттамасы.
Көріну	Үнсіздік бойынша әрбір қабат көрінетін болып табылады. Оны көрінбейтін
6	болу үшін жалаушаны алып тастау керек.
Өзгерту	Үнсіздік бойынша барлық қабаттар өзгертілмейтін болып келеді. Ол яғни сол
l	қабаттың нысандарын формасын, түсін, өшіруге сақтауға болмайды. Өзгерту
	үшін қабатқа жалауша орнату керек.
Қол жетерлік	Үнсіздік бойынша барлық қабаттарға қолжеткізуге болады. Бұл яғни
*	қабаттағы нысандарды таңдауға мүмкіндік береді.
Жазба	Жазбаны кірістіру үшін жалаушаны орналастыру керек.
Ø	

Бақылау сұрақтары:

- 1. MapInfo бағдарламасының мүмкіндіктерін атап шығындар?
- 2. MapInfo бағдарламасының терезе элементтері?
- 3. MapInfo бағдарламасында құрал саймандар панелін атап шығыңдар?
- 4. Картаны тіркеу дегеіміз не?
- 5. MapInfo бағдарламасында растрлы бейнені қандай жолмен енгізеді?

Сабақтың тақырыбы: MapInfo бағдарламасына картаны тіркеу

Мақсаты: Студенттердің білімдерін арттыру мақсатында, MapInfo бағдарламасында кесте құрылымын дайындап, кесте құруды, мәлімет енгізуге, құралдармен жұмыс істеуді, картаны енгізуді, векторизациялауды үйрету

- 1. Кесте құру
- 2. MapInfo мәліметтер қоры
- 3. Растырды дайындау және еңгізу
- 4. Картаның қабаттарын басқару

Теориялық мәліметтер: MapInfo Professional – бұл мемлекеттер картасын, аймақтарды, аудандарды, қалаларды және барлық карта немесе жоспар ретінде қарастыруға келетіндерді талдап және құруға көмектесетін географиялық жүйе.

Кесте – МарІпfo-ның негізгі ақпарататық бірлігі. Карапайым кесте түсінігіне қарағанда, ол МарІпfo-да кестелі мәліметтер базасына байланған өзінше қабаттарды ұсынады және болмысы жағынан картаға сәйкес келеді. Мәліметтер базасы кестесінің әрбір жолы жекелеген географиялық нысан жайлы ақпараттан құралады. Әрбір баған анықталған атрибуттан тұрады. Мұндай мәліметтер көрінісі басты графиканың әдістерін статистикалық, экономикалық және өзге кеңістікті- мерзімді ақпаратты визуализациялау үшін қолдануға мүмкіндік берді. Әдетте, бұл басты графикалық қалташалар мен электрондық кестеде диаграммалар мен графиктердің географиялық нысандарда қалай жасалатындығын көрсетуге мүмкіндік берді. Әрбір кестеге бір қабат сәйкес келеді (карта). МарІnfo-да кестенің бейнесін (кестелік мәліметтер) бейнелеу үшін термин тізімі пайдаланылады. Картаны модификациялау (немесе импорттау) үшін МарІnfo кестесін ашу қажет немесе Жұмыс Жиынтығын.

МарІnfo-ның барлық кестесі екі әртүрлі файлдан құралады. Біріншісі мәліметтерден құрлады, ал екіншсі – мәліметтердің құрылымын сипаттайды:

– *.ТАВ: бұл файл мәліметтер кестесі құрылымының сипаттамасынан құралады. Ол өзімен мәліметтен тұратын файлды сипаттайтын шағын тексттік файлды ұсынады.

- *.DAT немесе *.WKS, .XLS: бұл файл атрибутивті файлдардан тұрады.

– *.МАР: бұл файл әрбір жазбасы X және Y координаттарына сәйкес келетін графиктік нысандардан тұрады.

– *.ID: бұл файл графикалық нысандарға бағытталған тізімдерден құралып, (индекс) МарІпfо-да Картадағы нысандарды жылдам табуға мүмкіндік береді.

Векторизацияның этаптары.

2. MapInfo мәліметтер қоры.

MapInfo бағдарлама өнімін әр түрлі тақырыптық карталардың түрлерін құру үшін қолдануға болады, ол жерде көрсеткіштердің базасында сақталатын материалдарды өңдеу мен талдау нәтижелері тіркеледі.

MapInfo база көрсеткіші – хабарланбаған және иерархиялық емес, ол кеңістіктік деп аталады.

MapInfo келесі файлдар пішімімен жұмыс істеуге рұқсат етеді:

- Файл аты GIF (Graphics Interchange Format)
- JPG (JPEG Format)
- TIF (Tagged Image File Format)
- PCX (Soft Paint Brush)
- BMP (Windows Bitmap)
- TGA (Targa)
- BIL (Sport спутникті фототүсірімдер).

Әрбір кесте – бұл карталардың немесе файл мәліметтерінің түрін беретін файлдар тобы. Әдетте MapInfo жұмыс барысында кестелер мен терезелердің көбі қолданылады. Кестелер мен терезелердің ашылуы жеткілікті уақытты қажет етеді. MapInfo-да қолданылатын барлық кестелер мен терезелерді Жұмыс Жиынтығына (Рабочий Набор) топтастыруға болады. Жұмыс жиынтығы WOR кеңейтіліммен файлда сақталатын берілген уақытта қолданыстағы барлық тізімдерді ұсынады.

Ол барлық ашылған терезелер жайлы ақпараттарды сипаттайды, олардың өлшемдері және экрандағы жағдайы, ағымдағы қаріптер, символдар,сызықтар мен штрихтар.

Жұмыс Жиынтығын сақтау барысында кестелерді редактрлеу нәтижелері, сонымен қатар ғарыштық қабаттардың операциясы жойылады. Олардың сақталуы жеке жүзеге асады. Берілгендерді қарап шығу үш терезенің көмегімен жүзеге асады:

Карта терзесі – ақпаратты берілегендердің географиялық тәуелділігін анализдеуге рұқсат етеін қарапайым карта түрінде ұсынады. Карта терезелері бірден бірнеше кестелердің ақрапаратын сақтайды, сондай-ақ әрбір кесте картаның жеке қабатымен ұсынылады;

Тізім терезесі- ақпаратты жол мен бағаннан тұратын электронды кесте, жазба тізімі түрінде ұсынады;

Графика терезесі - ақпараттарды берілгендердің арасында сандық тәуелділікті анализдеуге рұқсат беретін график және диаграмма түрінде ұсынады.

Мәліметтерді синхронды ұсыну технологиясы біруақытта кестедегі бірнеше терезені Карта, Тізім және Графиктерді қарап шығуға рұқсат етеді.

MapInfo растрлық бейненің келесідегідей типтерімен жұмыс атқарады:

1. Ақ-қара бейнелер: әрбір пиксель қара және ақ нүктеге сәйкестеледі. Мұндай бейнелер аз орын алып, жылдам MapInfo-да оқылып, көрсетіледі;

2. Жартылай реңді бейнелер: әрбір пиксель қара, ақ немесе сұр түстердің кодтарымен сипатталады;

3 Түсті бейнелер: әрбір пиксель берілген бейненің палитрасында бар түстердің бірімен бейнеленеді

3. Растрды дайындау және еңгізу.

ГАЖ-да растрлық көрініспен жұмыс жасау үшін файлды растрлық сурет ретінде ашып, оған байлау жүргізгеннен соң ғана нысанды векторизациялауға көшуге болады.

Векторизация қабат бойынша жүргізіледі. Бұл қабаттарды түрлі байланысатын мөлдір пленкаларды елестетуге болады. Әрбір қабат біртипті нысаннан тұрады, мысалы, бір қабатта пашня болуы мүмкін, басқасы – орманды, үшінші – өзендер және т.б. Егер біреуі екінші жоғарғы қабатқа сыйса, онда нәтижесінде толық карта шығады. Әрбір қабатқа өзінің кестелері құрылады.

Жаңа қабатты құру үшін косметикалық қабат қолданылады. Косметикалық қабат - бұл барлық қабаттардың жоғарысында жататын бос қабат. Ол сурет салу үшін қолданылады, онда жазбалар, карта тақырыбы, әр түрлі географиялық нысандар орналасады.

Косметикалық қабат картаның ең жоғарғы қабаты болып табылады. Оны карта терезесінен өшіруге болмайды, сонымен қатар оның басқа қабаттарға деген қатынасын өзгертуге болмайды.

4. Картаның қабаттарын басқару.

MapInfo объектінің картографиялық типін анықтайды,содан кейін мәліметтері бойынша оларды реттейді.Егер гидрография қабаттарын жолмен біріктірсе,онда өзен көпір бойымен ағады.

Компьютерлі карта қабаттардан тұрады.Әр бір қабат әр түрлі ақпараттарға ие: аймақтар, нүктелер, сызықтар, мәтіндер, Осылар Картаны құрайды. МарІnfo бір немесе бірнеше қабаттарды бір уақытта көрсете алады.

Карта құрғаннан кейін, оларға жаңа қабаттар енгізуге, алып тастауға болады.

Қабаттарды басқару диалогы қабаттардың реттілігні өзгертуге, қосуға және көріну режимін өзгертуге мүмкіндік береді.

1. Менюдан Карта-Қабаттарды басқару таңдау. Косметикалық қабат ең бірінші қабат.



Реляционды құрылған мәліметтер базасы.Картографиялық жүйе –көрсетілім үшін географиялық объектпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.Олкартографиялық интерфейсті мәліметтер базасымен толтырады. SQL мәліметті басқаруға мүмкіндік береді. MapInfo да SQL қолданылады,ол графикалық объектілермен жұмыс істейді.Ондағы мәліметтер сыртқы файлдарда сақталып,жұмыс уақытында қолданысқа түседі.

Қабаттарды басқару диалогты терезесі қабаттардың реттілігін өзгертіп, оларды қосып немесе өшіруге мүмкіндік береді:

1. Мәзірден Файл >Ашу таңдау;

2. Карта > Қабаттарды басқару таңдау;

Келесі диалогты терезе пайда болады:

Управление слоями		×
Слой:	T 🖉 🕸 🖉	OK
Косметический слой дороги		Отмена
дома микр Жилпоселки		Оформление
гидрография		Подписи
Слой	Переместить	Геолинк
Добавить Удалить	Врерх Внио	Справка

Сурет 4.1

Сурет 5.1. Қабаттарды басқару панелі

Диалогты терезеде барлық қабаттар көрсетілген дәне косметикалық қабатта бірге.

Жазбаларды құру.

Картаға қолмен жазбалар жазу үшін мыналар қажет:

1. Сәйкес келетін кестелерді ашу.

2. Дбатырмасын басу.

3.Картаны кқрсететін «Жазба» 🥙 құралына көрсеткенде тышқанның сол жақ батырмасын басып, MapInfo өзі нысанның жанынан жазбаны орналастырады.

4. Жазбаға арналған бағанды таңдау үшін Қабаттарды басқару диалогты терезесінен Подписывание диалогты терезесін таңдаймыз.

Жазбаларды редактрлеу.

Жазбаның орнын ауыстыру үшін:

1. Батырманы басу.

2. Жазбаны тышқанның көмегімен орнын ауыстыру. Жазба стилі деген диалогты терезе ашылады.

Сурет 4.2

Сурет 5.2. «р.Широкая» жазбасын редактрлеу

Тақырыпшалар құру үшін:

- 1. «Қабаттарды басқару » 🗲 батырмасын басу.
- 2. Тақырыпша жазылатын қабатты таңдау.
- 3. Қарындаштың көрінісі бар жерді түрту 🕗.
- 4. «ОК» батырмасын басу ..
- 5. «Текст » А батырмасын басу.



Тәжірибелік жұмыс: Геологиялық картаны векторизациялау

MapInfo бағдарламасын ісеке қосамыз. Пуск – Программы - MapInfo - MapInfo Professional 10.0	HP iCloud K-Lite Codec Pack Mail.Ru MapInfo MapInfo Microsoft Office Microsoft Office Microsoft Office Hasaa Cyper 4.3
2. Тез ашу (Открыть сразу) атты диалогтык терезе ашылады. Біз бұл бағдарламада бұрын соңды жұмыс істемегендіктен, батырмасын басып, жабамыз.	Открыть сразу 🔀 Варианты Варианты Восстановить прошлый сеанс Предыдущий Рабочий Набор: Клока не создан> Рабочий <u>Н</u> абор Іаблицу Слравка Слравка Сурет 4.4
 3. Жұмысты бастау алдында, деректер корын құру үшін Жаңа кесте ашамыз. Ол үшін мәзір жолынан Файл – Жаңа кесте (Новая таблца) командасын орындаймыз. 4. Экранда Жаңа таблица (Новая таблица) атты диалогтык терезесі пайда болады. Бұл терезеде біз Тізммен көрсету (Показать Списком) және Картамен көрсету (Показать с картой) бөлімдерінен жалаушаны алып тастаймыз, Создать батырмасын басамыз. 	Марілfo Professional Файл Правка Программы Объекты Зап Новая таблица Сtrl+N Открыть Web-службу Открыть соединение с СУБД Открыть внешние данные Закрыть таблицу Закрыть соединение с СУБД Сурет 4.5 Новая таблица Создать новую таблицу и: Показать Спуском Показать Карте Справка Структура таблицы © Создать новую Как в таблице Сурет 4.6
